2. Тоғыз жаста топ жарған (Основал группу в девять лет), 14 января



14 январь 1987 жыл. «Социалистік

# СПОРТ

● Кішкентай шахмат... қадамы ● Колхоздың м... комплексінде ● Жеңіс ... совет спортшылары

## ТОҒЫЗ ЖАСТА ТОП ЖАРҒАН

Бұлақ көзі ерте ашылды. Жұрт назарын бірден өзіне аударды. Біз бұл арада тоғыз жасында топ жарған бала шахматшының табиғи дарыны туралы әңгімелегелі отырмыз. Әдетте жасы әлі онға толмаған балалардың тілін, қылығын, еркелігін қызықтаушы едік қой. Осы жолы солардың бірі, Алматыдағы № 68 орта мектептің төртінші класс оқушысы Руслан Ержановтың шахматтан ересектер шеше алмайтын қиын жүрістерді жаңғақша шаққанына сүйсіндік. Қазірдің өзінде оның СССР спорт шеберлігіне кандидат деген құрметті атағы бар. Бәлкім, сіз оның әкесі Темір мен шешесі Нарқыз кезінде республика біріншілігіне қатысқан белгілі шахматшылар ғой дерсіз. Әпкесі де спорттың бұл түрінен өз қатарының алды болып отыр. Үй тола шахматқа арналған кітаптар мен журналдар. Қабырғаға шахмат тақтасы ілінген. Жыпжылтыр магнит тастарды ұстауға қызығасыз...

Руслан мектепке бармай тұрып-ақ шахмат ойнай бастады. Әке-шешесі шахматтың «әліппесін» үйреткеннен кейін, тынымсыз жаттықтыра берді. Қаршадай баланың күрделі жүрістер мен шешуі қиын есеп-қисаптар жаттауына тура келді.

Бидай өңді, қой көзді, момақан да сүйкімді баланың шахмат тақтасына шұқшиып, сағаттар бойы тапжылмай отыруы бес-алты жастан бастап-ақ қалыптасқан. Ол Карпов пен Каспаровтың әлем тәжі үшін болған әркездегі бәсекелерінің жеке партиясына дейін өзінше талдап, дәптеріне түртіп алып жүрді. Басқа да шахмат сайыстарына да үңілуді әсте ұмытпайды. Ондай кезде ұйқысы сергек, бала болып балбырап ұйықтағанды да білмей кетеді. Таяуда ғана Біріккен Араб Эмираттарында болып өткен дүбірлі сында совет шахматшылары бас жүлдені жеңіп алғанда оның қуанғанын көрсеңіз. Ал кластастары ерте есейген шахматшы құрдастарының жандүниесін әбден ұққан. «Шіркін, Руслан, сияқты алғыр шахматшы болсақ» деген балалық армандарын да білдіріп қояды. Жұрт назарына ілігіп, мұғалімдердің де құрметіне бөленгенді кім жек көрсін. Бар зейіні шахматқа ауған Руслан жалықпайды әсте. Кішкентай кезінен таңертеңгісін әкесімен бірге дене шынықтыру жасайды. Үлкендер секілді жүгіреді. Сосын мектебіне тартады. Көп ретте жалғыз көресің. Ой құшағында кетіп бара жатады. Сабақтан келісімен апыл-ғұпыл тамағын іше салып, кезекті жаттығуға асығады.

Руслан алғаш Алматының «Орбита» микроауданындағы шахматшылар үйірмесіне қатысып жүрді. Табиғи талантымен мамандар назарына іліккен ол кешікпей балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебіне алынады. Сенімді жаттықтырушылары — әке-шешесі.

...Шахмат бапкерлерінің арасында Русланның болашағына үлкен сеніммен қарайтындары көп. Кезінде талапты балғынның қадамына әлдеқандай күдік білдіргендер де болды. Бірақ талантты бала қала біріншілігіндегі алғашқы қомақты табысымен ерекше көзге түсті. Қатар-құрбыларының арасында оған тең келер ешкім кездеспеді. Сондықтан да ол жоғары класс оқушыларымен, қала берді студенттермен де күш сынасып жүрді. Республикааралық жарыста да жақсы нәтижеге жетті.

Ол қала біріншілігінде жоғары класс оқушысы, СССР спорт шеберлігіне кандидат А. Плотниковты айқын басымдықпен ұтты. Өзінен әлдеқайда жасы үлкен, бірінші разрядты шахматшы К. Медеубековті де жеңіп, жүлделі орынға көтерілді. Республикалық сайыста Руслан тоғыз мүмкіндіктен жеті ұпай жинап, тағы да көзге түсті. Сөйтіп, командалық есепте астаналық шахматшылардың үшінші орынды жеңіп алуына үлесін қосты. Бала шахматшы алматылық отыз сегіз ойыншы қатысқан жоғары класс оқушылары мен студенттері арасындағы жарыста да бағын сынап көрді. Шахматшылардың ең кішкентайы бола тұрып, жүлделі төртінші орынды иемденді.

Әйткенмен, мектеп оқушыларының Бүкілодақтық спартакиадасына Русланды Алматы қаласы командасының құрамында қатыстыру оңайлықпен шешілген жоқ. Жарыстың жауаптылығы мен маңызын ойлаған бапкерлердің мазасыздануы да түсінікті. Барлық мәселе тоғыз жасар шахматшыға келіп тірелгенде олар көп таласты. Біреулері оны әлі тым жас десе, екіншілері шаршы топқа салуға болады десті. Ақырында қала командасының құрамына алынған Руслан спартакиадада үлкен сенімді ақтап шықты. Шаршы тақта сайысында сәтті өнер көрсетті.

1986 жылы сегіз одақтас республика өкілдері арасында жасөспірімдердің Саратов облысындағы Балаково қаласында өткізілген Бүкілодақтық турнирінде қазақстандық шахматшылардың командалық бас бәйгені жеңіп алуы да зор мақтаныш. Осы сынға қатысқандардың арасындағы ең кішкентай шахматшы Русланның қабілеті тағы да жарқырап көрінді.

Иә, шахмат спорты бұл семьяда атадан балаға мирас болып жалғасып келе жатқан тамаша дәстүр секілді. Русланның үлкен атасы Әмірәлі Ержанов Әліби Жангелдиннің сенімді серігі болған екен. Ол кезінде Москвадағы жоғары оқу орындарының бірінде оқып жүріп, шахматпен шұғылданыпты. Атасы, ішкі істер бөлімінің дәрігері Рақымжан да осы өнерге айрықша құштар болыпты. Одан кейін шахмат өнері Темірге ауысады... Енді міне, шаршы тақта басында қаршадай бала Руслан отыр.

Иә, тоғыз жасында топ жарған бала шахматшы шығар биіктің әлі алда...

**Ж. ҚОРҒАСБЕКОВ.**
Алматы қаласы.



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 11 (18586). ● СӘРСЕНБІ, 14 ЯНВАРЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.

3. Әйел – ана, әйел – еңбеккер (Женщина – мать, женщина – труженица), 15 января



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 12 (18587).
БЕЙСЕНБІ,
15
ЯНВАРЬ
1987 ЖЫЛ.

Бағасы 3 тиын.

Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.

4. Акушерка К. Райханова, 15 января


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

№ 12 (18587). БЕЙСЕНБІ, 15 ЯНВАРЬ 1987 ЖЫЛ.

Бағасы 3 тиын.

Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.


# ...ЕЛ — ЕҢБЕККЕР

*Социализм әйелді экономикалық және әлеуметтік езгіден құтқарды, оған ерлермен бірдей еңбек етуге, білім алуға, қоғамдық өмірге қатысуға мүмкіндіктер туғызды.*

(КПСС XXVII съезіне жасалған Саяси Баяндамадан).

5. Қамқорлық аясында (Под защитой), 22 января


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 18 (18593). ● БЕЙСЕНБІ, 22 ЯНВАРЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.

АЛТЫ ЖАСАР ШӘКІРТТЕР

# Қамқорлық аясында



Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі — Мойынқұм ауданындағы алдыңғы қатарлы жалпы білім беретін оқу орындарының бірі. Жергілікті партия, совет және шаруашылық басшыларының нақты қамқорлығының арқасында жыл өткен сайын мектептің материалдық-техникалық базасы нығайып келеді. Соның нәтижесінде жастарға білім мен тәрбие беру сапасы жақсара түскен. Озық оқу орындарының бірі ретінде мұнда түрлі семинарлар мен кеңестер де жиі өткізіліп тұрады.

Мектепте алты жасар шәкірттерді оқыту ісі де жақсы жолға қойылған. Оған тәжірибелі мұғалімдер мен тәрбиешілер бөлінген.

— Бұл іске бәріміз де жауаптымыз ғой,— дейді мектеп директоры Сағынбек Әшірбеков.— Сондықтан да, алты жасар балаларды оқытуды көпшілік болып қолға алдық. Әсіресе, совхоз әкімшілігіне ризамыз. Айтқанымызды екі етпеді. Үй де, мебель де, бір сөзбен айтқанда, қажетті нәрсенің бәрін берді. Ендігісі тек өзімізге ғана байланысты болып отыр.

Шынында да, алты жасар шәкірттер айрықша қамқорлыққа алынған. Арнайы жабдықталған сабақ өтетін кабинет кең де жарық. Көрнекі құралдар көптеп қойылған. Оған жапсарлас тағы да бірнеше бөлме бар. Бірі — түрлі спорттық жарыстарға арналған, ал екіншісі — балалардың ойын бөлмесі. Мұнда да сан алуан спорт жабдықтары мен ойыншықтар мол. Сол сияқты шәкірттердің түс кезінде демалуына екі бөлме бөлінген. Оларға жұмсақ кереуеттер мен аппақ, таза көрпе-жастықтар қойылған.



Алты жастағыларға сабақ арнайы жасалған программа бойынша өткізіледі. Бұл жерде көбінесе мұғалімдердің біліктілігі мен білімділігі сынға түседі. Себебі, баланың сабаққа деген ынтасы дәл осы кезеңнен қалыптасатыны белгілі. Сондықтан да тәрбиешілікке коллективтегі тәжірибелі деген мұғалімдердің өздері сұранып келді. Мәселен, Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі Рысалды Мұқашева, облыстық, аудандық халық ағарту бөлімдерінің бірнеше грамоталарымен наградталған Әтір Шақалақова, Гүлжаһан Сариева сондай жандар.

Балалардың білімге деген құштарлығын арттырып, эстетикалық талғамдарын көтеруде оқу кабинеттері мен ойын бөлмелерінің көрнекі құралдармен жабдықталуы көп әсер етеді. Осы орайда сурет және сызу пәнінің мұғалімі Үсенғали Үсіпов те белсенділік көрсетіп келеді.

Мектепте, әсіресе, орыс тілін оқыту ойдағыдай өтуде. Тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: ойын балалары жас кезінде өте алғыр келеді. Соған сәйкес тіл ұстарту, үйрету сабақ кезінде де, түрлі ойын кезінде де үнемі қайталанып отырады. Нәтиже күткендегіден әлдеқайда жоғары. Қазір отыздан астам тәрбиеленушілердің бәрі де орыс тіліне әжептәуір төселіп қалды. Мұны мектептің күллі мұғалімдер коллективінің елеулі табысы деп білуіміз керек.

**Р. ЕСІЛБАЕВА.**

Жамбыл облысы,
Мойынқұм ауданы,
«Құмөзек» совхозы.

---

**Суреттерде:** Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі **Р. Мұқашева алты** жасарлармен сабақ өткізуде; шәкірттер ойын бөлмесінде.

6. 124 жастағы әже (124-летняя бабушка), 24 января


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 20 (18595). ● СЕНБІ, 24 ЯНВАРЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.

Фоторепортаж





# 124 жастағы әже



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ. Егер жүз жастан асқан адамды көргіңіз келсе, Кавказға барыңыз деген сөз бар. Осыншама жасқа келгендерді басқа жерден іздеп табу қиын-ақ. Өйткені ғұмыры ұзақ қарттар тау өңірінде тұрады. Ал Рақыш Байбосынова тауда емес, Қарқаралы даласында дүниеге келіп, үстіміздегі жылы 124 жасқа толғалы отыр.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін бұл өңірдегі тұрмыс-тіршілік қиын еді. Көшпелі өмірдің тауқыметі Рақыш Байбосыноваға да тиген. Бар ауыртпалықтан Рақышты революция құтқарып алды. Қажымас қазақ әйелінің сағын ешбір қиыншылық сындырған жоқ. Ұлы Отан соғысының отты жылдары оған орны толмас қасірет әкелді. Москва мен Сталинград түбінде және Курск иініндегі қан майданда ұлдары қаза тапты. Бірақ олардың жолын Байбосыновтардың жаңа ұрпағы орынды жалғастыруда. Кейінгі толқынның ішінде тың игерушілер, ғалымдар, дәрігерлер, мұғалімдер, шахтерлер және металлургтер бар. Міне, Рақыш әженің бақыты деген осы.

Рақыш әже қазір жасының келгеніне қарамастан тағам әзірлеуге қол ұшын беріп, үй ішін жинауға көмектеседі. Елдегі және шет мемлекеттердегі болып жатқан оқиғаларға назар аударады. Көгілдір экранды тұрақты тамашалайды.

---

СУРЕТТЕРДЕ: қарт ана Рақыш **Байбосынова;** әже денсаулығы медсестра Ольга **Панованың** үнемі бақылауында; Рақыш әже немересі, педагог Зейнеп **Байбосыновамен** әңгімелесуде.

Суреттерді түсірген

**В. Петухов** (ҚазТАГ).

7. Балаларға қолайлы киім (Подходящая одежда для детей), 24 января

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 20 (18595). ● СЕНБІ, 24 ЯНВАРЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.



8. Балалардың қуанышы (Детская радость), 3 февраля


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАН

№ 28 (18603). ● СЕЙСЕНБІ, 3 ФЕВРАЛЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсе... басқа күндері шығады


## Балалардың қуанышы

Қоғамдық орталық осы микроаудандағы № 14 мектеп оқушыларының ең бір сүйікті орнына айналдырылған. Мұнда «Спутник» атты жасөспірімдер клубы күні бойы жеткіншектердің көңілді күлкісіне толы. Клуб жанында жүзден астам баланы қамтитын бес үйірме жұмыс жасайды.

Музыка маманы А. Бирюкова жетекшілік ететін қуыршақ театры балалардың көп қатысатын үйірмесі. Олар микроаудандағы балалар бақшаларында, үгіт алаңдарында өздері дайындаған спектакльдерін ... рады. Үйірме мүшелерінің ынтасы айтақаларлықтай. Олар спектакльдің декорациясын да өздері салып, рольдердің үйлесімді бөлінуі мен режиссерлік жұмысты да өздері атқарады. Қазір қуыршақ театрының репертуарында он екі ертегі спектакль бар.

Бейнелеу және шебер қолдар үйірмелері де бүлдіршіндердің көп жиналатын орыны. Балалар мұнда сурет салумен, түрлі бұйымдар жасаумен айналысады. «Микроаудан күндерінде» балалар творчествосының ... ымдар сатылады. Одан түскен қаржы Бейбітшілік қорына аударылып отырады. Мейлі, ол азғантай-ақ мөлшерде болса да, тәрбиелік мәні зор іс екені сөзсіз. Мәселен, бұрнағы жылы 73 сом аударылса, былтыр балалардың Бейбітшілік қорына өткізген қаржысы 89 сом болды. Балалар бұған дән риза.

Бір айта кететін жай: үйірме жұмыстарының өз деңгейінде ұйымдастырылуына микроаудандағы өндірістік кәсіпорындар мен мекемелер көмегі едәуір. Мәселен, тігін ...

отырса, химия
коллективі бояу,
ғаз беріп тұрады.
шылары жуырда
наларын алып бе...

Сондай-ақ, көр...
дар үйірмесі ме...
ойындар секциясы...
тейді. Бұл айты...
барлығы мик...
№ 14 мектеп оқу...
арасында үлгерім...
тің едәуір жақс...
әсерін тигізіп кел...
байқатады. Біз ө...
мызды мектептің ...
лық коллективім...
отырып, қол жет...
белер негізінде од...
гізе бермекпіз.

9. Аналардың абзал борышы (Долг матерей), 3 февраля



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 28 (18603). ● СЕЙСЕНБІ, 3 ФЕВРАЛЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.

11. Бір анадан жүз едік (Рожденные от одной матери), 22 март


СССР

Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 70 (18645). ● ЖЕКСЕНБІ, 22 МАРТ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.

# Бір анадан жүз едік

Иә, біз бір анадан жүзбіз. Жетпіс ұл, отыз қыз. Дәлірек айтқанда, соғыс қасіреті бір үйдің, бір ауылдың ғана емес, елдің қуанышын езіп кеткен сонау жарым-құрсақ қырқыншы жылдар аяғы, елуінші жылдар басында Торғай балалар үйінде осынша жетім тәрбиелендік. Отан бізге ана болды, әже болды.

Балалар үйі қазіргі Жангелдин ауданында болатын. Сондағы тесікөкпе мұңдықтардың алды бүгін елуден асып, соңы қырықты еңсеріп тастады. Жас жағынан ең кішкенеміз Тұяқ пен Рая Максимова болатын. Раяны Рыскүл дейтініміз де есімде.

Бізге әр ұлт өкілдері сабақ берді. Уақыт шіркін бастан өткенді алыс қиырларға ұзатып салмай тұра ма, көбісінің аты болмаса, фамилияларын ұмытыппын. Менің ұғымымда, балалар үйінің тәрбиелеушісі болуға, жетімдер көкірегіне білім нәрін себуге бел буған адамның «осы қалайы» болмауға тиіс. «Балалар үйі» деген сөздің өзі-ақ бөтен пиғылды аулақ серпіп тастайды, масылдық пиғыл иелері одан алты қыр қашық жүретіні де содан. Біздің тұсымыздағы аяулы ұстаздар—пионервожатыйы, ұлты татар Раис Актямов пен Роза апай, орыс тілін үйреткен Надя, аудандық аурухана қызметкерлері Верхман, орыс қызы Ксения, қытай қызы Катя ауыз толтырып айтуға болатын жандар еді. Барлығы да қазақ жігіттеріне тұрмысқа шықты.

Немесе украин жігіті Вячеслав Чернышты алайық. Ерінуді білмейтін осы бір ақжарқын азаматтың арқасында көкейден кетпес балғын шағымыз фото бетінде мәңгілікке сақталып қалды. Ақын Ғафу Қайырбеков Вячеслав Чернышқа арнаған «Бағбан» дейтін өлеңін

Қырық жылдан әрірек,  
Жазда бір күн шуақта.  
Секілденіп қос үйрек,  
Ұшып келді бұл жаққа, —

деп бастайды.

1954 жылы ұяммен қоштасып, тың көтеру басталған Ақтөбе өңіріне комсомолдық жолдамамен келдім. Туған жерім Ырғыз ауданында бұл кезде екі совхоз құрылған екен. Бірі солтүстіктен келгендер құрметіне «Северный» аталыпты да, екіншісі псковтықтар қадасын қаққандықтан «Псков» атын иемденіпті. Мен жұмыс істеген шаруашылықты ұзақ жылдар Дирган басқарды, партия ұйымының секретары Зорин деген жігіт болды. Бір қолдың саусағындай түйілген ұтымды еңбек арқасында тыңды да игеріп алдық. Мен Коммунистік партия қатарына қабылдандым.

1960 жылдың басында Ақтөбеде қыздардың облыстық бірінші слеті өтті. Осы слетте маған да грамота, бағалы сыйлық табыс етілді. Бұған әсіресе Зориннің өзімнен кем қуанбағаны, арқамнан қағып риза болып, «Жарайсың, қара көзім!» дегені әлі күнге құлағымнан кетпейді. Ол кісі қыздарды «қара көзім», жігіттерді «достым» деп сөйлеуші еді.

Арада бірнеше жыл өткен соң Қызылордадағы М. Мәметова атындағы педагогика училищесіне түстім. Сыр елінде бүгінде аты мәлім Надежда Лушниковамен таныстым. Нәдия маған сол кезде баспадан шыққан тұңғыш кітабын сыйлады, ішкі бетінде жүрек сөзіндей жылы, ғашық сырындай ыстық мына бір лебізі бар:

Досыңның құптап нұрлы ісін,  
Бөлісіп жүр деп арманын.  
Балапан жырдың тұңғышын,  
Замандас, саған арнадым.

«Ең құнды кітап — сөреден жиі алынатын кітап» дейтін сөз бар ғой. Менің көңіл күйімнің сергек барометрі — Нәдия жырлары. Бетін ашып парақтаймын да, автографқа келген кезде көзіме еріксіз жас үйіріле қалады.

Қазір Сырдария ауданы, «1 Май» совхозы, № 4 фермадағы орта мектеп жанындағы интернатта тәрбиешімін.

**Н. ЕРАЛИНА,**  
**интернат тәрбиешісі.**

Қызылорда облысы.

12. Семья – шағын мемлекет (Семья – маленькое государство), 24 апреля


**Социалистік Қазақстан**

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 97 (18672). ЖҰМА, 24 АПРЕЛЬ 1987 ЖЫЛ.

Бағасы 3 тиын.


## СЕМЬЯ—ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ

13. Балғындарды баулуда (Обучение новому), 7 мая


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАН

№ 107 (18682). ● БЕЙСЕНБІ, 7 МАЙ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ●



14. Алты жастағылар ерекшелігі (Особенности шестилетних), 21 мая

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 118 (18693)
БЕЙСЕНБІ, 21 МАЙ 1987 ЖЫЛ.

Бағасы 3 тиын.

Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.

## Алты жастағылар ерекшелігі

Мектеп реформасы бүгінде қала мен ауыл мектептерінің өміріне берік ену-де. Мұның өзі өміршеңдігін мейлінше танытқан заңды құбылыс болуда. Әсі-ресе, балаларды алты жастан оқыту-дың мәні зор. Дер кезінде қолға алын-ған шара. Өйткені, бүгінгі ғылыми-тех-никалық прогресс дамып, космосқа құ-лаш ұрған заманда адамзат баласының ой өрісінің өсіп-жетілуі де тездеді. Бала бақша тәрбиесі іле мектеп табалдыры-ғына жалғаса келе алтыға толғандар білім әліппесін игеруге қабілетті бола түсуде.

Бірақ жаңа істің бастапқыда тосын көрінетіні де белгілі. Оған үйрену, бе-йімделу керек. Жағдай да туғызылуы қажет. Бүлдіршіндер қамы тап-түйнақ-тай әзірлікті талап етеді. Мұны мен өз ауылымның мысалынан да білемін. Жеті жылдай балаларды мектепке әзірлейтін топты оқытып келдім. Былтырдан бері маған алты жасар балаларды оқыту тапсырылды. Бұған да үлкен дайындық-пен кірістім. Арнаулы педагогтық орта білімім, тәжірибем көмектесті. Оның үстіне мамандық жетілдіру курсында оқып, білімімді толықтырдым.

Алайда, мұғалімнің біліктілігімен қо-са бұл жұмыста мектептің материал-дық-техникалық оқу базасының ойдағы-дай болуы да маңызды нәрсе. Алты жасар бала да бала бақша түлегі іспет-ті ерекше қамқорлықты, аналық көңіл мен мейірімді күтеді. Оның оқитын, ойнайтын, демалатын орындары өздері үйреніскен бала бақшасынан еш кем болмауға тиіс. Қанша дегенмен ол әлі сәби ғой.

Жаңа істің алғашқы тәжірибесі бізге үлкен ой салады. Бұл істі ұйымдастыр-ғанда ескерілетін мәселелерді ашып берді. Мен өзім байқаған кейбір жәйт-терге назар аударайын. Республика Оқу министрлігі алты жастағыларға ар-налған мебель жөнінде ойластыруға ти-іс.

Балаларға қажетті спорттық ойын материалдары да біздің [...] шықпай отыр. Оларды қайдан табамыз? Балаларға керегі дүкендегі қуыршақтар емес, олардың жас ерекшеліктеріне орай ой өрісін дамытатын, ойландыра-тын, денсаулығын шыңдайтын, ептілік-ке, жинақылыққа үйрететін спорттық ойын материалдары керек. Республика мұғалімдері съезінде мектеп өмірінің толып жатқан көкейтесті жайлары сөз боларына сенімдімін. Олардың ішінде алты жасар балаларды оқыту проблема-сы қайткен күнде де егжей-тегжейлі шешілуі керек-ақ.

**Н. ДУШЕЙКО,**
**«Новошумный» орта мектебінің бас-тауыш класс мұғалімі.**

Қостанай облысы,
Федоров ауданы.

15. Қыз қайраты (Женская сила), 6 июня



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 131 (18706). ● СЕНБІ, 6 ИЮНЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.

ҚАЛАУЛЫЛАРЫ

# ҚЫЗ ҚАЙРАТЫ

Байыту фабрикасын аралап, ондағы сан салалы өндіріс процесімен танысқан соң, өзіміз іздеп келген қызбен сөйлесудің реті енді келіп тұр.

Сұңғақ бойлы, қарақат көзді қарындас бірден-ақ ақжарқын мінез танытты.

— Біздің жұмыстың жағдайы осылай. Еңбек үстінде еркін сөйлеуге уақыт жоқ. Көп күттіргеніме ренжімеңіз,— деді ол.

— Оқасы жоқ, шынында да жұмыстарыңыз қиын екен.

— Бейнетсіз рахат та жоқ емес пе,— дейді ол. —Біздің соңғы екі жыл бойы фабрикамыз бойынша жұлдызымыз жанып, жоспарды артығымен орындап жүргеніміз де осы еңбектің арқасы. Ал өз еңбегіме тоқталсам алдымен ұстаздарымның, Н. Лебедева, И. Сидоренко сынды құрбыларымның көрсеткен көмегін мақтанышпен айтар едім.

Үлкен коллективте өзінің еңбегімен де, қоғамдық қызметімен де танымал болған Зере Ғаббасқызы Классенге фабрика коллективі тағы да үлкен сенім артып отыр. Классен осы округ бойынша бұрыннан облыстық Советтің депутаты болатын. Ал жақында коллективте облыстық Советтің депутаттығына кандидат ұсыну сөз болғанда көпшілік тағы да Зеренің есімін атады. Сөйтіп ол № 10 Бульвар сайлау округі бойынша облыстық Советтің депутаттығына кандидат болып ұсынылды.



Ленин орденді Қ. И. Сәтбаев атындағы кен-металлургия комбинатының № 1 байыту фабрикасы түсті металлургия саласындағы іргелі кәсіпорын. Қазір мұнда отыз ұлттың өкілдері еңбек етеді. Омырауларын орден, медаль көмкерген көптеген еңбек ардагерлері мен жүздеген жарыс жүлдегерлері бар мұнда. Соның бірі — біз әңгіме етіп отырған қазақ қызы Зере Классен. Ол туралы сайлаушылар лебіздерін тыңдағанымызда фабриканың аға флотаторы, КПСС XXVII съезінің делегаты, облыстық партия комитетінің бюро мүшесі Э. А. Сивожелезова былай деді: «Зере еңбегімен де, қоғамшылдығымен де көпшілікке ұнаған жастардың бірі. Ол өз кәсібін шебер меңгеру үшін ізденуден жалықпайды. Қазақ қызының нағашысы орыс халқы. Бой жеткен соң Зере Классендердің шаңырағына келін боп түскен. Бұл ынтымақты семьяның басшысы Карл Карловичтің ұлты неміс. Осында 45 жыл еңбек еткен қадірмен ардагеріміз. Екі ұлы да осында әке жолын қуып, байытушы болып еңбек етіп жүр. Зеренің енесі орыс, абысыны украин, екі жеңгесінің бірі қазақ, бірі армян қызы. Ал жолдасы Борис екеуінің үйелмелі-сүйелмелі екі ұлы бар. Демек, ол ынтымағы жарасқан үлкен шаңырақтың қалаулысы, ұйытқысы деп те айта аламын».

Ал реагент араластырушы Н. Лебедева Зеренің осындай қасиеттерімен бірге қоғамдық қызметін жоғары бағалады. Ол кәсіподақ ұйымының, халықтық бақылау тобының жұмысына да белсене қатысады екен. Көпшілікке спорттағы өнерімен де танымал. Шахматшы, нысана атудан қалада бірінші орын алыпты.

Иә, халық сыншы. Көпшілік өз ортасында кімнің қандай жұмыс атқарып, қоғамдық міндетке қаншалықты дәрежеде көңіл бөлетіндігін жақсы біледі. Сондықтан да коллективке осындай жақсы қасиеттерімен танылған Зере Ғаббасқызы облыстық Советтің депутаттығына кандидат болып ұсынылып отыр. Бұл құрмет оны алдағы кезде де соны ізденістерге бастай беретіні сөзсіз.

**Ө. ЖАППАРХАНОВ,**
**«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі.**
Жезқазған облысы.

Суретте: **Зере КЛАССЕН.**

16. Ісмер С. Жұмабаева (Руководитель мастерской С. Жумабаева), 16 июля

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 165 (18740). ● БЕЙСЕНБІ, 16 ИЮЛЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбі басқа күндері шығады.



Халық әр кезде шебер қолды ісмерлерін үлгі етіп, мақтанышпен айтқан. Он саусағынан өнері тамған сондай жандар жасаған бұйымдар ел игілігіне айналып, уақыт өте сынын да, сырын да жоғалтпай келеді.

Мәселен, Шымкент облысының Түркістан ауданында әрбір бесінші семьяда кілем тоқып, текемет басатын шебер бар. Бұл өнер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Жергілікті шеберхананың меңгерушісі Сара Жұмабаева ісмерлік сырын анасынан үйренген.

**Суретте:** ісмер **С. Жұмабаева.**
Суретті түсіргендер **И. Будневич** пен **Г. Кошкинцев** (ҚазТАГ).

17. Ақ босаға (Белый порог), 6 августа


Социалистік Қазақстан

Газет 1919 жылғы 17 декабрьден шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 182 (18757). ● БЕЙСЕНБІ, 6 АВГУСТ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.


кент қаласына барып, ақ баталарын алып қайттық. Бас қосуда оншақты ұлттың өкілі болды, дастарқан басында қазақ, орыс, украин, неміс, армян сөздері естіліп жатқанда ешкім де таңырқаған жоқ. Біздің от басының берекесін де берік достық мәйектендіріп отыр.

— Жанна, өзің қай жерде еңбек етіп жүрсің?

— Оңтүстік - Шығыс микроауданындағы «Садко» балабақшасында тәрбиеші болып істеп едім, жақында ғана Ленин аудандық музыка мектебіне ауыстым. Музы-

...жүк қабылдаушы грек Елена Тенгелидің, тағы басқалардың некесін қидық. Осындай салтанаттарды әзірше қазақ, орыс, неміс тілдерінде жүргізіп жүрміз. Негізгі мамандығым — мұғалім, неміс тілінен сабақ бергенмін. Бақытымыздың діңгегі, тіршілігіміздің тірегі — достық қой.

Иә, асыл сөз, бар қуанышымыздың, қызығымыздың арнасы — халықтар достығы.

**Р. СҮЛЕЙМЕНОВ,**
**«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі.**
Қарағанды қаласы.

18. Бүгін – білім күні (Сегодня – день знаний), 1 сентября



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 202 (18777). ● СЕЙСЕНБІ, 1 СЕНТЯБРЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.



№ 202 (18777). ● СЕЙСЕНБІ, 1 СЕНТЯБРЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.

## БҮГІН — БІЛІМ КҮНІ

АЛМАТЫ. Ғабит Мүсірепов атындағы № 86 қазақ орта мектебінің мұғалімдер коллективі жаңа оқу жылына жақсы әзірлікпен келді.

**Суретте:** бастауыш кластардың мұғалімдері Зубайда **Муфтибекова**, Сара **Оңласынова** және Шәмшия **Сматаева** мектеп табалдырығын алғаш аттаған шәкірттермен бірге.

Суретті түсірген **С. Бәсібеков.**

19. Бізді не қинап жүр? (Что нас беспокоит?), 3 сентября



Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 204 (18779). ● БЕЙСЕНБІ, 3 СЕНТЯБРЬ 1987 ЖЫЛ ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіде басқа күндері шығады.



Ардагер пікірі

## Бізді не қинап жүр?

Тұрмысымыздың жақсарып келе жатқандығын күнделікті өміріміздең көріп жүрміз. Әсіресе, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету ісі соңғы кездері едәуір жақсара түсуде. «Тұрғын үй-91» программасын біз әр семьяға тек жақсылық нұрын себетін ең бір игі шара деп түсінеміз.

Осы программа іске аса бастаған кезде алғашқы қуанышқа біз ие болдық. Жаңадан салынып жатқан «Самал-1» микроауданынан пәтер алып, бала-шағаларымызбен төбеміз көкке жеткендей қуандық. Үйіміздің тұрған жері өте жақсы, кешке қарай қоңыр салқын самал соғып, жан рахатына бөлейді. Жаңа ауданымыз күннен-күнге қанатын кеңге жая түсуде. Біз көшіп келгенде осы аймақтағы тұрғын семья саны төрт-бес жүздей еді, үш-төрт айдың ішінде ғана оның саны мыңға таяды. Енді екі-үш айда төрт үлкен үй пайдалануға берілмек.

Міне, осы жаңа ауданның тұрғындарын қинап жүрген бір проблема бар. Ол — көкөніс саудасы. Өйткені, осынша халқы бар жаңа микроауданда күні бүгінге дейін көкөніс сататын магазин жоқ. Кәрі-жасымыз болып, көкбазарға сабыламыз. Жастарға онша қиын болмағанмен, біз сияқты екінші топтағы мүгедек адамдарға ақсаңдап азық көтеру қиынның қиыны. Үлкен азық-түлік магазиніміз бар, оған рахмет. Жуырда «Школьник» деген мектеп оқушыларының магазині ашылды. Одан соң «Табиғат» магазині пайдалануға берілді. Әрине, бұлар да қажет шығар. Бірақ, шынын айтсақ, дәл біз үшін көкөніс сататын магазин керек-ақ еді. Көкөніс магазиніне әр семья күн сайын бір рет барып сауда жасайды, ал мектеп оқушыларының және «Табиғат» магазиндеріне бұйымтайымен барушылар аз. Осы екі магазинге далиған үйлерді беріп қойғанмен, олардан тұтынушылар іздегенін тауып алып жүрген жоқ.

Осы мәселені шешуді Фрунзе аудандық Совет атқару комитетінің алдына екі рет қойдық. Бірақ, олар: «көрерміз, реті келгенде шешерміз», — деген солқылдақ жауап қайтарудан әрі аса алмады. Қалалық жеміс-овощ саудасы басқармасына да шағымдандық. Олар басында: «шешеміз, Фрунзе аудандық атқару комитетімен келісеміз», — деп күпініп еді, сөздерінің аяғы құрдым болып кетті. Енді келіп аудандық Совет атқару комитеті «бұл жаңа микроауданның үйлері астынан көкөніс сататын магазин орны жобаланбапты» — деген «желеу» айтады.

Міне, бізді қинаған мәселенің шешімі әлі күнге дейін табылмай келеді. Қалалық Совет атқару комитеті бізді қинаған жайды осы жақын арада шешіп береді деген үміттеміз.

**З. ТОЛЫМБАЕВ,**
**Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері.**
Алматы қаласы.

20. Баланың денсаулығын ойласақ (Если думать о здоровье ребенка), 17 сентября



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 216 (18791). ● БЕЙСЕНБІ, 17 СЕНТЯБРЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.



Жобаны талқылау үстінде

## Баланың денсаулығын ойласақ

Арқалықтағы перзентхана коллективі КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Онекінші бесжылдықта және 2000 жылға дейінгі кезеңде халықтың денсаулығын сақтау ісін дамытудың және СССР денсаулық сақтау ісін қайта құрудың Негізгі бағыттарының» жобасында айтылған шараларды халқымызға және медицина қызметкерлерінің өзіне де жасалып отырған тағы бір шынайы қамқорлық деп бағалауда. Халықтың денсаулығын сақтауды одан әрі жедел түрде дамыту партияның әлеуметтік саясатының басты принциптерінің бірі болып табылады.

Сондықтан медицинаны жаңа деңгейге көтеру үшін барлық мүмкіндікті пайдалану қажет. Бұл — еліміздегі қайта құру саясатының сабақтас жұмысы. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары біздің облысымызда да халық денсаулығын сақтау ісінде олқылықтар орын алды. Денсаулық сақтау мекемелерінің қызметіне берілген баға көп жағдайда халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасына сай келе бермейді. Профилактикалық жұмысқа назар тіптен бәсеңдеп кеткен еді.

Мен медицина саласында 25 жыл бойы еңбек етіп келемін. Өзім жұмыс істейтін қалалық перзентханада аналар мен балаларға дер кезінде медициналық қызмет көрсетіледі. Осыған қарамастан, біз біраз қиыншылықтарға кездесіп отырмыз. Әлі де болса балалардың шетінеуі тыйылмай келеді. Мұның басты себептері, біріншіден, перзентханада босанатын **әйелдер үшін орын жетіспейді. Сондықтан облыс орталығында екінші перзентхана үйін салуды жедел қолға алу қажет болып отыр. Бұл босанған әйелдер мен туылған балаларды күтуді жақсарта түсуге жағдай жасайды.**

Тағы бір жайт — перзентхана үйінің материалдық-техникалық базасын нығайту, әсіресе, әйелдер консультацияларында профилактика, диагностика жұмыстарын жақсартып, емдеудің осы заманғы дәрежесін қамтамасыз ету керек. Сонда ғана біз ана мен баланың денсаулығын сақтауды өз дәрежесінде жүргізе аламыз.

Жобада атап көрсетілгеніндей, денсаулық сақтау ісін түбірімен қайта құру мәселесі тек денсаулық сақтау органдарының ғана емес, баршамыздың азаматтық және патриоттық міндетімізге айналуға тиісті. Жобада «Бұл бағыттағы мақсатты жұмыс баланың денсаулығынан басталуға тиіс. Баланың денсаулығын сақтау мен нығайту үшін семьяның ролі мен жауапкершілігін арттыру, ата-аналарды балаларға гигиеналық тәрбие беру мен оларды күтіп бағудың ережелеріне үйретуді жақсарту қажет. Балаларды шынықтыру мен жан-жақты дамытудың осы заманғы әдістерін мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жұмыс практикасына кеңінен енгізу шаралары қолданылсын» деп өте орынды айтылған. Мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде, пионер лагерьлері мен бала-бақшаларда профилактикалық сауықтыру шараларының тұрақты қолға алынуы аса маңызды.

Медицина — бүкілхалықтық іс. Оны жетілдіру, дамыта түсу бүкіл ел-жұрттың жұмылуына, барлық қоғамдық ұйымдардың белсене қатысуына тікелей байланысты. Мен осыған орай **балалар бақшасынан бастап, барлық оқу орындарында олардың жас мөлшеріне, яғни танымдық қабілеттерінің жетілуіне қарай сатылап оқытылатындай деңгейде медицина негіздері пән ретінде енгізілсе** деп ұсыныс жасаймын. Бұл баршаның медицинадан хабардар болуымен бірге, болашақ дәрігерлердің іріктеліп шығуына да үлкен жол ашар еді деп білемін.

Ә. ҚОЖАХМЕТОВА,
I дәрежелі акушер-гинеколог.

21. Барша жақсы – балаларға (Лучшее – детям), 7 октября

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 233 (18808). ● СӘРСЕНБІ, 7 ОКТЯБРЬ 1987 ЖЫЛ. ● Бағасы 3 тиын. ● Аптасына алты рет, дүйсенбіден басқа күндері шығады.

тау грамотасын ...
керлерінің іс-қимылын баяндайты...

## Барша...

«СССР азаматтары ...
лық жасауға, оларды ...
даярлауға, социалистік ...
лері етіп өсіруге міндетт...

Бала тәрбиешісі болғандықтан да ата-аналардан күнде алғыс сөздерін естіп жатамыз. Олар Отан-ананың өздері мен балаларына жасап отырған әкелік камқорлығына үнемі ризашылық сезімдерін білдіреді. Бұл бізге мерей де, ұлы Отанымызға деген үлкен құрмет те. Шынында да партия мен үкіметіміздің жас ұрпаққа деген қамқорлығы ұшан-теңіз ғой. Барша жақсы балаға дейтініміз де сондықтан. Партия съезінде балаларды мектеп жасына дейінгі мекемелермен қамтамасыз ету проблемасын негізінен онекінші бесжылдықта шешу, оларды тәрбиелеудің жағдайын одан әрі жақсарту қажеттігі атап көрсетілгені белгілі. Бұл бағытта біздің қалада көптеген жұмыстар атқарылып жатқанын сүйсіне айта аламын. Бізде мектеп жасына дейінгі балалардың балабақшамен қамтылуы республиканың орташа көрсеткішінен жоғары екен. Қаладағы 48 ба-